ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

“ФИЛОЛОГИЯ” ФАКУЛЬТЕТІ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” КАФЕДРАСЫ

Дипломдық жұмыс тақырыбы:

# Тәуелсіздік тұсындағы лириканың дамуы

**Орындаған:** Жұмабай Г.С.
**Тобы:**ФИ-13-1к1
Жетекшісі:Қалшабек А.Б.



Кіріспе.
Лирика жайлы түсінік.

Лириканың түрлері.

Негізгі бөлім.
Тәуелсіздік тұсындағы қазақ лирикасының дамуы

Н.Мәукенұлының қазақ лирикасына қосқан үлесі.

Г.Салықбайдың өлеңдеріндегі лирикалық ерекшелік.

Қорытынды.

Лирика термині гректердің «лира» музыкалық аспабы негізінде пайда болған (грекше Lyra – лира аспабының сүйемелдеуімен айтылатын көркем әдебиет жанрының бірі). Осы аспапта адамның көңіл күйін толғайтын өлеңдер атқарылған, сол өлеңдерді «лирика» деп атайтын болған. Лирикада бас кейіпкер - автордың өзі.

«Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғау қысқасынан айтқанда іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алуында»

Бахадырова С., Жантасова З., «Қазіргі қазақ поэзиясы» оқу құралы

А.Байтұрсынұлы “Әдебиет танытқыш”

Сыншы Н.А.Добролю-бов:

- «Лирикалық өлеңде ақын өзінің табиғаттағы немесе өмірдегі белгілі бір құбылыстан алған тікелей сезім-түйсігін айтып береді. Бірақ, мұндағы басты нәрсе – сол түйсіктің өзі де, оны ақынның енжар қабылдауы да емес, ақынның сол сыртқы әсерге іштей ұйып, құлай ықылас қоюында. Әдеміліктің, көктем таңының саф мөлдір ауасын жұтудың, кешкілікте қол ұстасып сауық – сайран құрудың рахатын, тағы – тағыларды сезу әркімнің – ақ қолынан келер; ал осы әсерлердің бәрін жан – жүрегіне сол қалпы құйып алып, басқаларға да дәл өзіндей әсер етерлік етіп айтып беру көп адамның қолынан келе қоймайды.»

Сөз өнерінің зергері Зейнолла Қабдолов:

- “Лирика – ақынның бір сәтте жылт еткен нұрлы ойы, жалт етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі. Лирикалық шығармалардан оны жазған адамның өмір сүрген ортасын, сол ортаның саясыи әлеуметтік халін, адамдардың алуан-алуан мінез-құлқын, ой-өрісін, жан-күйін, арман тілегін, мақсат-мүддесін аңғарамыз.. Өйткені, лирикада ақынның оқушыға бұрын онша мәлім бола қоймаған сыры мен сезімі жалт етіп сыртқа шығып, жалт етіп бір көрініп қалады. Оның өзі ғана емес, оқушыны да тебіренте, сезіндіре көрінеді. Оқушы енді бір ауық ақын басында болған күйініш,

А. Байтұрсын ұлы:

Сап толғау

марқайыс толғау

налыс толғау

намыс толғау

сұқтаныс толғау

сұқтаныс толғау

сөгіс толғау

күліс толғау

Қазіргі кезде лириканы философиялық, табиғат, махаббат, саяси лирика болып бөлу үрдісі бар.

Нұрлан Мәукенұлы (1960-2003) - 25 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданында туған. 1984 жылы Қазақ Ұлттық Университеті-нің журналистика факультетін, 1990 жылы КИМЭП-тің саясаттану бөлімін бітірген. Еңбек жолын құрылысшы болып бастаған. «Ана тілі» - «Жалын» бірлескен басылымы бас редакторының орынбасары болып істеді.
1995 жылы «Бойтұмар» жыр жинағы жарық көрді.
« Сұңқарбұлақ» атты поэзиялық кітабы шықты (2008). Бірнеше мүшәйралардың, Алматыда өткен Түрік дүниесі поэзиясы фестивалінің жүлдегері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

Менің басты нысанға алып отырған кітабым - ақынның «Бойтұмар» өлеңдер жинағы. Кітап екі бөлімнен тұрады. Жинаққа ақынның артында қалған мұраларынан іріктеліп алынған бірталай өлеңдері топтастырылған. Мұнда адамгершілік иірімдері, ар-ождан, туған жерге сағыныш, перзенттік парызы сияқты мәңгілік тақырыптар өзек тартады.
Ақын поэзиясы жаттанды ұйқас, былапыт сөзден аулақ. Оқырмандарын ықыласпен баурап алады.

Нұрлан Мәукенұлы шығармашылығында саяси-азаматтық лирика, философиялық лирика, табиғат лирикасы жиі ұшырасады.

Ақын поэзиясында хәкім Абайдың даналығы, Мағжанның маңғаздығы, Қасымның қайсарлығы басым.

Ақын мұрасы көп зерттеліне қоймаса да, зерттеу барысында өлеңге шырай беріп тұрған троп пен фигуралардың түр-түрін кездестірдім.

Н.Мәукенұлының поэзиясын алып қарасақ та жыраулық дәстүрдің ізі айқын көрінеді.

Тұғымен тас илеп,
Ойлы-қырлы шабар ма?
Жау қолына жеткізбей,
Елдің шетін табар ма?

Арудан асқан жар бар ма?
Жылқыдан асқан мал бар ма;
Биенің сүті сары бал
-

“Бойтұмар”
Қоғамымның ащы болды толғағы,
Біреу жаман, біреу жақсы қолдады.
Көңіліме: «Қанағат қыл», - деп едім,
Жыртығынан жел уілдеп болмады.

“Егемендік”
Егемен ел – жасыл туы жайнаған,
Егемен ел – қонаққа түс шаймаған.
Тағыдырыңа «шүкір» деуің десем де,
Тірлігіңе түйіліп көп ойланам...

Өзге дінге еніп кеткен қандастарының тірлігіне де опынды:
Опынамын отырып,
Ойлағаның өтірік.
Ойсыздығын көрсетті,
Дін – қарындас шоқынып.

«Алты аяқты аламенен ағызған»
Елдегі нарық халықтың ауыр тұрмысын да жырға қосады.
Жабыдан жаным жалықты,
Көңілімді сол-ақ налытты.
Қамыт қып киген нарықты,
Аяймын сорлы халықты.

“Екі ауыл”
Екі ауыл өзара туысқан,
Қоштасқан, жыласқан, суысқан.
Бірінде орын ап қуыстан,
Бірінде танаудан бу ұшқан.

Сұңқарбұлақ, соқпақты сайымдығым»
Бұлттарды бұлттар қуады,
Бұлттарды бұлттар буады.
Бусанып алып бәсімен,
Биіктің басын жуады

ГҮЛНАР САЛЫҚБАЙ - 1963 ЖЫЛЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, ЗАЙСАН АУДА-НЫ, ЖАМБЫЛ АУЫЛЫНДА ТУҒАН. Т. АЙБЕРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚТЫҢ ЛАУРЕАТЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАСТАР ОДАҒЫ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ. АБАЙДЫҢ 150 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН МҮШӘЙРАНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ.

Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері (2014). Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін 1986 жылы бітірген. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Арай» - «Заря» журналында, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығында қызмет істеді. «Атамұра» баспасында редактор, «Алаш» баспасында бас редактор, «Қазақстан» телерадио корпорациясында «Жан» бірлестігінің жетекшісі, «Қазақстан» телеарнасында бас редактор болды. Қазір «Ел» продюсерлік орталығында сценарлық топтың жетекшісі.

Өмір құбылыстарына өзіндік көзқарасы бар ақынның тосын ой, өзгеше бейнелеуге, формалық ізденістерге толы жырлары шынайылығымен оқырман көңілінен орын алды.

Ақын поэзиясы махаббат лирикасы мен философиялық лирикаға толы.
Ішкі толғаныстарын әдемі сөздермен жеткізеді.

Марина Цветаеваның өлеңдерін аударып, кітап етіп шығарады.

- Сізді күттім жауын күткен даладай,
- Сізді күттім тәтті іздеген баладай.
- Ұмыта алмай ұзақ жүрдім көшеде,
- Аяғымның талғанына қарамай.

- Жауабы әсем жастықтың желігі кетті,
- Қалыңдар жұқа жанымды соғады күнде.
- Өзіңе жетем деуменен өмірім өтті –
- Барыңа сенген көздердің обалы кімге,
- Әділет?!

- Бетпердем жоқ, өз үйіме келдім мен,
- Күң болардай, нан сұрадым мен кімнен?
- Іңкәріңмін, жексенбіңмін мен сенің,
- Арманыңның аяулы бір бөлшегі.
- (М.Цветаевадан аудармасы)

- Өмір деген оларға тұйық көше,
- Солар – Құдай жазалап шын ататын.
- Біреу егер өзінен биіктесе,
- Табанына мұз қойып құлататын.

- Төтелетіп, төменге жол алғандай
- Қар жауып тұр.
- Ерісе, обал қандай:
- Арманымның адасқан шағаласы,
- Отанына сағынып оралғандай.

# Қорытынды